

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 255 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 528 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы Қаулы 2014 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 6-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. "Қызыметкердің міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын ай сайынғы табысын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 849 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 50, 693-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2014 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

C. Ахметов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2014 жылғы 26 наурыздағы

№ 255 қаулысымен

бекітілген

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 6-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұфымдар пайдаланылады:

- 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;
- 2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры – зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті жүзеге асыратын занды тұлға;
- 3) еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын қызметкер (бұдан әрі – қызметкер) – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жұмысты еңбек шарты бойынша тікелей орындаитын, кәсіптері өндірістердің, жұмыстардың, қызметкерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жеке тұлға;
- 4) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 5) зиянды еңбек жағдайлары – зиянды өндірістік факторлардың болуымен сипатталатын еңбек жағдайлары;
- 6) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары – еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын, кәсіптері өндірістердің, жұмыстардың, қызметкерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген қызметкерлердің пайдасы үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына агенттер меншікті қаражаты есебінен аударған ақша;
- 7) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт – төлеу жөніндегі агент (алушы) талаптарын ұсынылған шартқа тұтастай қосылу арқылы ғана қабылдай алатын қосылу шарты ;
- 8) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент (бұдан әрі – агент) – еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің пайдасына өзінің меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын жұмыс беруші;
- 9) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау – өндірістік объектілерді (өндірістік қызметті жүзеге асыратын цехтарды, участеклерді, жұмыс орындарын, сондай-ақ жұмыс берушілердің бөлек тұрған езге де бөлімшелерін) оларда орындалатын жұмыстар қауіпсіздігінің жай-күйін, зияндылығын, ауырлығын, қауырттығын, еңбек гигиенасын айқындау және өндірістік орта жағдайларының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

саласындағы нормативтерге сәйкестігін айқындау мақсатында бағалау жөніндегі қызмет.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 29.09.2017 № 603 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарын жүзеге асыру тәртібі

3. Агенттер меншікті қаражаты есебінен қызметкерлердің пайдасы үшін міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарын жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 10.12.2015 № 988 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарының мөлшерлемесі "Қазақстан Республикасында зейнетакымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына сәйкес белгіленеді.

5. Міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қорына жүзеге асыру міндетті кәсіптік зейнетакы жарналары есебінен зейнетакымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне сәйкес жүргізіледі.

6. Шарт Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қорының зейнетакы қағидаларына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры, агент және қызметкер арасында жасалады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 10.12.2015 № 988 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Агенттер қызметкердің бір айда есептелген табыс сомасын негізге ала отырып, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарын есептеу үшін алынатын табыстардан міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарын ай сайын жүзеге асырады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 10.12.2015 № 988 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарын жүзеге асырған кезде қызметкердің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (бұдан әрі – Салық кодексі) көзделген барлық ай сайынғы табыстары ескеріледі.

9. Міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарын жүзеге асырған кезде:

- 1) Салық кодексінің 319-бабының 2-тармағында;
- 2) осы тармақшаның екінші бөлігінде айқындалған кірісті қоспағанда, Салық кодексінің 341-бабының 1-тармағында көрсетілген төлемдердің түрлері ескерілмейді.

Міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарын төлеуге арналған шығыстар агенттің еңбекақы төлеу қорына жатқызылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз) қаулысымен.

10. Міндettі кәsіptіk зейнетақы жарналарын, оның ішінде берешекті аудару экономика секторларының кодтарын қолдану және төлемдерді тағайындау тәртібіне сәйкес айқындалатын төлемдерді тағайындау кодтары көрсетіле отырып, Мемлекеттік корпорацияның банк шотына жүргізіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.

11. Агент міндettі кәsіptіk зейнетақы жарналарын жүзеге асырган кезде үш данада қағаз жеткізгіштегі төлем тапсырмасын және екі данада жеке тұлғалардың тізімін банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға ұсынады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.12.2015 № 988 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Жеке тұлғалардың тізімі әрбір жеке тұлға бойынша: жеке сәйкестендіру нөмірін, тегін, атын, әкесінің атын (болған кезде), туған күнін, жарна сомасын және ол үшін міндettі зейнетақы жарналары аударылатын кезеңді (айды, жылды) қамтуға тиіс.

13. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Мемлекеттік корпорацияға ақша аударуды Қазақстан Республикасының төлем жүйелерінде қолданылатын форматтарға сәйкес жеке тұлғалардың тізімдерімен бірге электрондық төлем тапсырмаларымен жүргізеді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.

14. Агенттер төлейтін міндettі кәsіptіk зейнетақы жарналарының сомалары Қазақстан Республикасының салық заннамасына сәйкес шегеруге жатады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.12.2015 № 988 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Міндettі кәsіptіk зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару, ұстап қалу (есебіне жазу) және аудару, міндettі кәsіptіk зейнетақы жарналарын аудару кезінде қателер анықталған жағдайда, агенттердің (алушылардың) іс-қимылы, сондай-ақ міндettі кәsіptіk зейнетақы жарналарын уақтылы аудармаған кезде өсімпүлды төлеу және берешекті өндіру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысымен бекітілген Міндettі зейнетақы жарналарын, міндettі кәsіptіk зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.12.2015 № 988 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Агенттер кәсіптері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1562 қаулысымен бекітілген тізбеде (бұдан әрі – тізбе) көзделген, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын қызметкерлерге міндепті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асырады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.09.2017 № 603 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

17. Міндепті кәсіптік зейнетақы жарналары тізбеде көзделген еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда уақытша жұмыс істейтін ұйымдардың өндірістік, көмекші және қосалқы цехтарының қызметкерлеріне де төленеді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.09.2017 № 603 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

18. Кәсіптері мен лауазымдары Тізбенің "Жалпы кәсіптер" бөлімінде көзделген қызметкерлерге, егер бұл кәсіптер Тізбенің тиісті бөлімдерінде немесе кіші бөлімдерінде арнайы көзделмесе, міндепті кәсіптік зейнетақы жарналары олардың қандай өндірістерде немесе цехтарда жұмыс істейтініне қарамастан жүзеге асырылады.

19. Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау және міндепті мерзімдік медициналық тексеріп-қарау нәтижелері бойынша айна жұмыс уақытының кемінде 80 % зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің кәсіптері анықталған жағдайда, жұмыс берушілер, қызметкерлердің өкілдері, мұдделі мемлекеттік органдар еңбек жөніндегі уәкілетті органға оларды тізбеле енгізу бойынша негізделген ұсыныстар енгізеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.09.2017 № 603 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

20. Өндірістік объектілерді аттестаттау нәтижелерімен расталған зиянды еңбек жағдайлары жойылған жағдайда, агенттер міндепті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асырмайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.09.2017 № 603 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).